

ТІЛ БИЛІГІ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЭТНО-ЛОГОЭПИСТЕМА

¹Д.С. Раев, ²Ә.А. Құранбек, ³А.Б. Айтбаева, ⁴П.М. Сүлейменов

АҢДАТПА

Мақалада тіл билігі философиясы аясында ұлттың қалыптасуындағы тілдің үстем айқындаушы рөлі сарапқа түсіп, «тіл» мен «ұлт» ұғымдарының ішкі тұтастығы мәселесі қарастырылады. Мұнда ұлт үшін тілдің бастамалық позициясын, яғни тілдің ұлтқа қатысты жүргізетін билігінің лингвотектік және этногендік тұтастығын анықтау мақсаты көзделеді. Бұл ретте біз – «әлемнің тілдік бейнесі», «тілдің ішкі екі жақты табиғаты», «тіл мен ұлт – егіз құбылыс» ұстанымдарына негізделе отырып, отандық ғылымда мемлекеттік тілде алғаш рет ұлтқа қатысты тіл билігінің лингвоцентристік, яғни тілдің этногендік, объективті болмыстық табиғатына сүйене келе, оған ғылыми теориялық тұрғыда талдауға қадам жасалады. Бұл бүгінгі постмодерндік ыңғайдағы адамзатының сана трансформациясынан хабар бермек. Осы тұрғыдан келгенде, тіпті қазіргі заманғы білім беру жүйесін де философиялық таным призмасы тұрғысынан қайта қарау тенденциясы қалыптасуда. Тілдің өз этносферасына жүргізетін үстемдік ету мәселесі мақаланың негізгі арқау мәселесі болып отыр. Сол себепті, авторлар көтеріп отырған мәселенің бастауында тұратын феноменнің бірі – тіл билігінің лингвоцентристік және этно-логоэпистемасының ішкі сырын ашу болмақ. Аталған мақала тіл билігінің этно-лингвоцентристік тамырлы астарларын ажырата отырып сараптауға бағытталады.

Түйін сөздер: тіл, тіл билігі, лингвизм, этнизм, ұлттың тілдік өлшемі, ұлттық мінездің тілдік болмысы, тәржіме, мағына.

^{1, 2, 4} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ «Naqhoz» университеті, Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Ә.А. Құранбек,
akuranbek@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Раев Д.С., Құранбек Ә.А.,
Айтбаева А.Б.,
Сүлейменов П.М.
Тіл билігі философиясы:
этно-логоэпистема // Адам
әлемі. – 2023. – № 3 (97).
– Б. 45-58.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы (No AP19679556) аясында жүзеге асырылды.

Философия власти языка: этно-логоэпистема

Аннотация. В статье рассматривается определяющая роль языка в формировании нации в рамках философии власти языка, а также исследуется внутренняя целостность понятий «язык» и «этнос». Предполагается определение исходной позиции языка по отношению к этносу, то есть лингвообразующую и этногенную целостность власти языка в его отношении к феномену этноса. При этом, исходя из принципов «языкового образа мира», «внутренней двойственности языка», «язык и нация – сообразующиеся явления», авторы впервые в отечественной науке на государственном языке с опорой на лингвоцентристский, т.е. этногенный, объективный характер самого языка, делают первые шаги к анализу данной постановки проблемы с научно-теоретической точки зрения. Это позволит открыть новые горизонты в изучении трансформации сознания человечества в современной тайны лингвоцентристской и этно-логоэпистемы власти языка. Данная статья направлена на анализ этно-лингвистических корней языкового авторитета.

Ключевые слова: язык, власть языка, лингвизм, этнизм, языковое измерение нации, языковая сущность национального поведения, перевод, смысл.

Philosophy of the Power of Language: Ethno-Logoepistema

Annotation. The article discusses the defining role of language in the formation of a nation within the framework of the philosophy of the power of language, and also explores the internal integrity of the concepts of “language” and “ethnos”. It is supposed to determine the initial position of the language in relation to the ethnos, that is, the linguistic and ethnogenic integrity of the power of the language in its relation to the phenomenon of the ethnos. At the same time, based on the principles of “linguistic image of the world”, “internal duality of the language”, “language and ethnos are close phenomena”, the authors for the first time in domestic science in the state language relying on the linguocentric, i.e. ethnogenic, objective nature of the language itself, take the first steps towards the analysis of this problem statement from a scientific and theoretical point of view. This will open up new horizons in the study of the transformation of human consciousness in the modern postmodern environment. From this point of view, there is a tendency to consider even the modern education system through the prism of philosophical knowledge. The main problem of the article is the problem of the dominance of the language over its ethnosphere. That is why one of the phenomena underlying the problem we are raising is the disclosure of the inner secret of the linguocentric and ethno-logoepistema of the power of language. This article is aimed at analyzing the ethno-linguistic roots of linguistic authority.

Key words: Language, the Power of Language, Linguism, Ethnism, the Linguistic Dimension of Ethnos, the Linguistic Essence of National Behaviors, Translation, Meaning.

Кіріспе

Алдымен бұл мәселенің қойылуына себеп болған басты факторларға тоқталып өтуді жөн санаймыз. Біріншіден, жалпы тіл феномені өзінің түпкі мәні мен болмыстық табиғаты, тіл мен тарих, тіл мен қоғам, тіл мен ұлт сабақтастығы туралы ой мен таным күллі адамзат ақылының ежелден мәселесі болып келе жатқанына көз жеткізуге болады. Мәселен, Гарвард университетінің профессоры Стивен Пинкер: «Тілге деген қызығушылық бүгінде танымның біз ғылым деп атап жүрген саласының зерттеу нысанына айналды» [1, 10 б.], – десе, белгілі лингвист Торе Янсон: «Лингвистер мен философтар «тіл» деген ұғымның төңірегінде ғасырлар бойы ойланып келе жатыр, бірақ әлі бірде-бір қанағаттанарлық жауап тапқан жоқ. Дәлірек айтсақ, олар бүгінде «тіл» деген термин түрлі мағынада қолданылады және бірнеше құбылысты білдіреді дегенмен келіседі» [2, 104 б.], – деп көрсетеді.

Мәселен, байырғы түрік дүниетанымында халық екі негізде: «Тіл мен Руханият» бағытында қарастырылады. Демек, адамзаттың тілдік қабілеті мен рухани әлемі оның негізгі қос элементі. Қандайда бір халықты тану барысында осы қос элементті бір-бірінен бөліп-жаруға болмайды. Олар болмыстың қос бастамасы, егіз жауһары деген идея анық байқалады.

Батыс елдері лингвистері де тілдің түпкі мәніне үңіле отырып, «тіл» мен «ұлт» ұғымдарын ішкі сабақтастықта қарастыратынын көреміз. Мәселен, XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың

басында (1767-1835 ж.), неміс ғалымы В. Гумбольдт: «Халықтың тілі мен рухани күші бір-бірінен бөлек немесе бірінен соң бірі кезекпен дамымайды, олар бір-бірінен бөлек емес, бірдей зияткерлік қабілеттің әрекетін құрайды. Біз интеллектуал белсенділік пен тілді ажырататын болсақ та, іс жүзінде мұндай бөліну жоқ» [3, 10 б.], – деген көзқарасты ұсынады.

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырда басында (1857-1913 ж.) өмір сүрген швейцарлық лингвист Ф. де Соссюр жоғарыдағы ойды нақтылай келіп, лингвистика өз тарихында этнологиямен жанасып отыратынын, тіл жалпылығы мен ішкі тұтастығын құрайтын басты әрі маңызды, айқындаушы құраушы элемент этнизм болатынын және «тілдің жалпылығын этникалық бірлік құрастырады [4, 260 б.], – деген ой түйіндейді. Сондықтан, Соссюр тілді төрт түрлі қырынан қарастырады: таңбалық құрылым ретіндегі тіл; әлеуметтік-тарихи парызын атқарудағы сөйлеу қызметіндегі тіл; тұлғаның тілді игеру ретіндегі тілдік қабілеті және осы қабілетті жүзеге асыру ретіндегі сөйлеу [5, 368 б.]. Мұндағы біздің зерттеуімізге тұғыр болатын нәрсе – ғалымның айтуындағы тілдің этно-әлеуметтік қызметі. Демек, бұл жоғарыдағы тұжырымдар тіл мен этнос болмысының егіз құбылыс болатынын хабар берсе керек. Бұл үш көзқарас философиялық таным грамматикасымен айтқанда, жаратылыстағы кез келген зат пен құбылыс қарама-қарсы жақтардың бірлігі мен күресінен тұрады дейтін диалектика заңын меңзейді. Басқаша айтқанда тіл мен ұлт құбылыстарының ішкі

құрылымдық логикасынан хабар береді, яғни ол бір-бірінсіз бола алмайды, бірі-біріне кіріктірілген жаратылыс дейтін аксиома түсінікті орнықтырады.

Бұл орайда, тілге тиек болатын екінші мәселе – бүгінгі жаһандану феномені. Жаһандануға берілген ғылыми анықтамаларға зер салсақ, олар мынадай сипаттамаға тоғысады. Нақты-рақ айтқанда, «Жаһандану – жер-жаһандағы қоғамдық тіршіліктің барлық саласындағы құрылымдардың, байланыстар мен қарым-қатынастардың универсал бірыңғайлану үдерісі» [6, 478 б.]; «адамзат қоғамының күллі саласында еркіндік, теңдік, ашықтық жағдайындағы өзара байланыс тәртібін орнатуға бағыт-талған жаһандық үдеріс» [7]; «жаңа дүниежүзілік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық біртұтастықтың құрылу үрдісі» [8, 212 б.]; «мемлекеттер мен ұлттық және этникалық одақтардың мемлекеттік құрылымдарының арасындағы мәдени, идеологиялық және экономикалық жағынан бір қалыпқа түсіруді көздейтін жалпы және жан-жақты үдеріс» [9], – деген анықтамалық жүйе қалыптасқанына куә боламыз.

Жоғарыдағы келтірілген анықтамалардан орнығатын түйін ой – қазіргі жаһандану үдерісін Рим Папасы Папа Иоанн Павел 2-нің Әлеуметтік ғылымдар академиясында 2001-жылдың 27 сәуірінде сөйлеген сөзімен айтқанда «жаһандану жақсы да емес, жаман да емес; оның жақсы, жаман болуы оны іске асырушыларға тікелей байланысты», – дегенімен келіспеске болмайды. Демек, жаһанданудың әрі объективті, әрі субъективті құбылыс болатыны ақиқат. Бұл нақты дуалистік жағдай. Оның нәтижесі жақсыға да, теріске де итермелеу ықтималдылығына ие болады деген сөз. Бұдан туындайтын күдік пікірді де орындай болады. Мысалы, оны А. Әлімұлының: «Жалпы, ғаламдастыру деген ұғым-түсінік ұлтты жоққа шығарып, жалпыхалықтық, жалпыелдік, яғни бір орталыққа бағынған әлемдік экономикалық-саяси, қоғамдық-идеоло-гиялық байланыстағы қаржылық-интер-неттік жүйе қалыптастырғысы келеді» [10], – деген көзқарас болса, оның салдарын сынға алып, «жаһандану территориялық егемендік пен ұлттық бірегейлікті жою арқылы... қауіп төндіреді» [11, 493 б.], – дейтін пікір де орныққан. Бүгінгі жаһандану дәуірі өзінің оң

жетістіктерімен бірге қолар үрдістерімен де тарихты түзуі мүмкін. Олар, өркениеттер мен мәдениеттер қақтығысына, ақпарат тасқынын қалыптастырып, инфодемия жағдайын туғызып, ақпарат қауіпсіздігі мәселесін, ұлттық тіл қолданысы аясының тарылуына ықпалын тигізіп, ұлттық болмыс тынысының тарылуына өз зиянын тигізе ме деген күдік сезімді ұялатады.

Кіріспе бөлімінде айтылғандар біздің көтеріп отырған мәселемізге келіп ойысатын ұлттық тіл проблемасының келіп шығуына мұрындық болады. Оның келешегіне деген күмән қалыңдай береді. Осыдан тіл мәселесі қоғамдық сана мен қоғамдық пікір фокусына айналады. Өйткені тіл мен ұлт, оның бүкіл мәдениеті, тыныс-тіршілігі онтогенезді тұрғыда терең байланысып жататын күрделі әрі тылсым әлем. Оның күрделілігі мен тылсымдығы сонша, тіл ауа іспеттес, ол барлық жерде бар барша адамзатпен бірге, біте қайнасқан, бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тіл – бүкіл халықтың табиғатына берілген жаратылыс, ол әр кезде болған және бола береді, халыққа әр кез қызмет жасай береді. Яғни бұл ұлттық болмысты анықтаудағы тілдік фактордың рөлі мен маңызын күшейте түседі. Сондықтан, тілге деген халықтың сезімталдығы үнемі жоғары бола береді, тілге төнген қауіп-қатер ұлттың жанды жеріне айналады. Мысалы, Торе Янсон: «Латын тілінің ауызекі тіл ретінде жойылуы ол тілде сөйлеушілердің өздерін латын ұлты ретінде тануды доғарған кезде тоқтады. Латын тілі өзгеріске ұшырағандықтан жойылған жоқ, латын тілі ол тілде сөйлеушілер оны басқаша атай бастағандықтан жойылды» [2, 105 б.], – дейді. Ұлттық тілге жанды мінез осындайдан туындаса керек.

Халықтың тілге деген көңіл-күйі белгілі болғандай, тіл заңы, тілдің қоғамдағы мәртебесін мемлекеттік деңгейге көтеру, халықтың сол тілде сөйлеуін, қоғамдағы қызметін ынталандыру мен қадағалау мәселесінің көтерілуі заңды құбылысқа айналды. Мәселен, тілтанушы отандық ғалым А.П. Комаров: «Тілге төнген қауіп тікелей ұлттық мәдениетке төнген қауіп ретінде ұғынылады» [12, 64 б.], – деген пікірге келеді. Олай болса, тіл мен ұлт мәдениетінің ішкі интенсті байланысы қашанда өзекті мәселе болып қала беретіні заңдылық. Міне, бұл ой да біздің мәселеміздің көкейкестілігі мен өткірлігін,

ұлт тілі билігінің генезистік тамырларына ғылыми-танымдық тұрғыда үңілудің қажеттілігін дәлелдей түседі.

Зерттеудің мақсаты – ұлттың пайда болып, қалыптасуындағы тіл билігі контекстінде ұлттың пайда болуындағы тілдің бастамалық әрі айқындаушы орны мен қызметін негіздеу.

Мақсатты іске асыру төмендегідей міндеттерді көздейді:

- тілдің төл болмысындағы қос мәнділік табиғатын сараптау;

- тіл мен ұлт ұғымдарының ішкі бірлігі мен тұтастығын талдау;

- ұлттың тілдік бейнесі мен болмысын, ұлттың тілдік бастамасын негіздеу;

- ұлттық тілдің қорын молайту мен әлеуетін күшейтудегі тәржіманың үлесін байыптау;

- «ұлт» концепті арқылы тіл билігі философиясын дәйектеу.

Әдіснама

Мақалада негізінен философиялық тұрғыдағы теориялық-әдіснамалық ұстанымдар мен заңдылықтар, әдіс-тәсілдер жүйесі қолданыс тапты. Нақтырақ айтқанда өзектендіру, концептілеу, жүйелеу, тұтастандыру, әмбебаптандыру ұстанымдарына сүйене отырып, онтогенездік пайымдау, анализ және синтездік, индукция және дедукция, тарихи-логикалық, тарихи ретроспективті талдау, компаративистік, лингвоэзектік, лингвоэтнологиялық талдау әдістермен қатар ғылыми зерттеудің интерпретациялық, функционалдық жіктеу, құрылымдық, аксиологиялық, эпистолярлық талдау, зерделеу, абстракциялау, кейс-әдісі, түйіндеу және қорытындылау әдістері мен тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар мақалада өзінің ішкі қырларын әлі аша қоймаған «тіл билігі», «этно-лингво-эпистема» концептілеріне алғаш рет герменевтикалық талдаулар жасалады.

Негізгі бөлім

Тілдің түптік болмысындағы қос мәнділік табиғаты

Бұл мәселеде біз, ең алдымен, тілдің түпкі төл болмысындағы қос мәнділік табиғатын ғылыми тұрғыда сараптап, оның өз ішкі астарын ашуға алғаш рет қадам

жасаймыз. Оған бірден бір негіз болатын фактор – ол жалпы барлық ғылымның, соның ішінде тілдің ішкі екіжақтылық қасиетінен келіп шықпақ. Фердинанд де Соссюрдің анықтауында тілдің бұл ішкі дуализмі «белгіленуші және белгілеуші», деп белгіленіп, ал тілдің қосжақтылық табиғатын анықтай келіп, оны тілдің: акустикалық және артикуляциялық қырларымен түсіндіреді. Бұл екеуі бірін бірі толықтырып әрі айқындап отыратыны, яғни бірі корреляция жасаса, екіншісі мағына беріп, маңыздылығын айқындайды. Осы ретте Соссюр акустика мен артикуляцияның өзіндік қызметін анықтай келе, біріншісінің тек дыбыс қана болатынын, ал екіншісі екінші жаққа қатысты оны белгілеу тек тілдік жүйемен іске асатынын баса көрсетеді [4, 113 б.]. Соссюрдің бұл ойының астарында «артикуляция» ұғымының құрылымдық қызметінің бетін ашуға деген идеяның жатқанын көруге болады. Автор, тілдің қос мәнділігін ашатын, яғни тілдегі ойдың екінші сыңарын анықтайтын тілдің артикуляциялық бөлігі болатынына меңзейді. Демек, «...тіл дегеніміз – дыбыстарға және олардың мағынасына қатысты жүйе» [13, 23 б.], – дейтін анықтама растала түседі.

Ал тіл мәніндегі осы заңдылықты Витгенштейн нақтылай түседі. Ол: «...Тіл ойдың құрылымын танымастай етіп бүркемелеп жібереді», – дей келіп, «Философияның міндеті – талдаудың көмегімен әдеттегі тіл қатпарларының арасынан ойдың жалаңаштанған формасын ашып көрсету» [14, 177-178 бб.], – деп жазады. Мұнда Витгенштейн тілдің пропозициялық қызметіне сілтеме жасай отырып, «Кешенді пропозициялар қарапайым пропозицияларға тарқатылып, ал қарапайым пропозициялар шындықтың сипаттамалары ретінде ашылуға тиіс» [14, 178 б.], – дейді. Лингвистердің айтуынша, «бұл көбінесе шындық-шартты семантика деп аталады, себебі сөйлеушінің ақиқатқа негізделген білім деңгейін көтереді» [13, 134 б.]. Біздің зерттеуіміздің ыңғайына қарай «пропозиция» ұғымы тілдің қос мәніндегі екінші жаққа қатысы бар элементті анықтау мақсатында қолданылады. Бұл ретте ойшыл, «...егер пропозиция толығымен артикуляцияланып, кемел тілмен жеткізілсе, пропозициялық таңбаның әрбір элементіне әлемдегі нақты бір объект сай

келеді» [14, 182 б.], – деп есептейді. Олай болса, Витгенштейн ойы үйреншікті тіл әлеуметтік іс-әрекетпен кіріктірілген дегенге саяды [14, 185 б.]. Бұл көзқарас Пинкер Стивеннің адами «...қарым-қатынастың негізгі қозғаушы күші – ...сөйлеу тілі» [1, 14 б.], – деген, Эдуард Сепирдің: «Адамдар объективті өмірде өз бетінше өмір сүрмейді, тілді алып келетін олардың әлеуметтік белсенділігі емес, бірақ олардың тілі қоғам арасындағы қажетті сөз тіркестерін дүниеге алып келеді» [13, 20 б.], – деген көзқарастарын дәлелдеп тұрғандай болады. Олай болса, бұдан екі тұжырым келіп шығады, біріншісі, тілдің адамзат тіршілігімен немесе адамзаттың өмір-тіршілігі тілмен тығыз байланысты болатыны, яғни тілсіз тіршілікті елестету мүмкін еместігі туралы тұжырым. Екіншісі, есті тіршілік иесінің даму тарихында олардың (әлеуметтік) қалыптасуы мен дамуында тілдің бастама болып, айқындаушы фактор болатыны анық дау туғызбайтын ақиқат болатыны туралы ойтүйін. Үшіншісі, тілдің дамуында әлеуметтік ортаның маңызды фактор болатынын да ескеру керектігі жөнідегі тұжырым. Яғни, Ноам Чомскийдің айтуынша, тілдің дамуында «негізгі фактор әлеуметтік орта болатыны» мойындалып, «...тілдік ортаның әрбір өкілі, пүттеп келгенде, сол бір ғана тілді дамытады» [1, 19 б.]. Бұл пікір тілдің қос табиғатын дәлелдей түсетін екінші қыры десек болады.

Қазақ тіл білімінің негізін салушылар – Алаш қайраткерлері де тіл табиғатындағы қос мәнділікті назарында ұстағаны анық байқалады. Олар қазақ тілінің табиғатын зерттей келе, тілдің өзіндік заңдылықтарын аша отырып, тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін айқындап, әлеуметтік кірігуі мен әлеуметтік сипатына айрықша баға берген болатын [15, 3 б.]. Бұл айтылғандар да жалпы тіл философиясы контексіндегі тілдің әлеумет аясында өмір сүріп, тіл белгілі бір ортада өз сөйлеушісін қалыптастыратын бастама болатын қасиетін дәйектей түседі. Басқаша айтқанда, тіл қандай да бір әлеуметті тілге кіріктіруші, ұйымды ұйыстырушы, тіл қолданатын ұжымды, этносты құрастырушы бастаукез феномен болатыны ақиқат. Осы бір идея М.Жұмабайұлының: «Тіл – адам жанының тілмашы», – деген кіндік тезисімен аталып, Ж. Аймауытұлының: «Ана тілі –

халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы», – деген тұғырлы тезисімен көмкеріліп, «Жүректің терең сырларын басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, нанымын, арманын, қайғысын, қуанышын, қысқасы жанының барлық толқындарын тұқымынан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – ол халықтың тілі» [15, 6-184 бб.], – деген тәпсірлеумен оның халықтық мәнін аша түседі. Міне, бұлар біздің зерттеуіміздегі тілдің ішкі қосмәнділік пен қосмағыналық, ұжымдық, әлеуметтік кіріктілігімен үн-дес екені анық. Демек, бұл тілден тыс ұжым, әлеумет, этнос болмайды дегенді білдірсе керек.

Тағыда Алаш қайраткері Мағжан Жұмабайұлына сілтеме жасайтын болсақ, ол: «Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз хәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса, адамда білім болмас еді. ...Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз», – дей келіп, «...Адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында» [15, 241 б.], – деген тұжырым жасайды. Ал М. Шоқай: «Тіл... адамзаттың тарихымен тығыз байланысты», – десе, М.Әуезов, тіл «...жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты» [15, 340-344 бб.], – дейді. Бұл айтылғандарды ғылым тіліне ауыстыратын болсақ, қазіргі философия, нейробиология мен лингвистика тіл табиғаты мен қабілетін зерттеген жаңа зерттеулер біздің түсінігіміздегі тілге, оның адамзат тіршілігіндегі рөліне, оған деген түсінігіне төңкеріс жасағанын мойындап, тіл адазатының бар мүмкіндігінің ең «мәнді квинтэссенциясы әрі жан-жануардан бөлектеп тұратын теңдессіз табиғи феномен деп біледі» [1, 15 б.]. Х.Досмұхамедұлының: «Тіл – жұрттың жаны», С. Торайғыровтың: «Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болуы керек» [15, 338-343 бб.], – дегендері сондықтан болар. Олай болса, тіл мен адам санасы бір-біріне өзара сіңіскен жаратылыс болатыны, ең маңыздысы тілдің адам санасын қалыптастырушы субстанция болатыны анық ақиқат ретінде мой-

ындалады [1, 15 б.]. Осыдан келіп бүгінгі когнитивті лингвистика дейтін ғылымның жаңа саласы пайда болды. Ғұмар Қараштың сөзімен айтқанда, «тіл – айна, оның ішінде бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады» [15, 107 б.], – дегені жоғарыдағы ғылыми танымның әрі перцепциялық, әрі ғылыми концепциялық тұғыр деуге болады. Мұнда тілдің табиғи қабілеті дейтін және тіл адамзатын, халықты қандайда бір топқа, ұжымға, этносқа тоғыстырушы, ұйыстырушы объективті бастама феномені дейтін идея жатқаны анық. Мәселен, М.Әуезовтің: «Әдебиеттенген тіл де – халықтың тілі», А. Байтұрсынұлының: «Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат айтылған сөз» [15, 322-336 бб.], – дегендері де соның дәлелі болады.

Ф. Оразбаеваның пікірі де біздің жоғарыда келтірілген көзқарастармен үндестік табатынын аңғаруға болады. Ол: «Тіл – адам жаратылысының күрделі де көркем құбылысы... Айналамыздағы тылсым дүние, табиғат, ел мен жер, қоршаған орта, жалпы планетарлық құбылыстар адамның пайымына, ой-санасына түрліше ықпал етіп, әр түрлі әсер туғызады. Бұл әсерлер адам санасында қабылдау, жинақтау, байыптау, саралау, сараптаудан өтіп, сөзбен бейнеленеді, тілмен ернектелед» [16, 6 б.], – деп жазады. Мұнда да тіл әлеумет құраушы, әлеумет тоғыстырушы құбылыс болатыны сөз жүйесі тұрғысынан дәйектеледі. Тілдің әлеуметпен кіріктірілген мән мен мазмұнда болатынын танытады. Әлеуметтің тілдік болмысына бойлауға мүмкіндік беріп, оның тілдік бедерін байыта түседі. Тіл – әлеумет өлшемі болатынына тұғырлы тірек бола алады. Демек, А. Байтұрсынұлының: «Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз» [15, 333 бб.], – деп айтқанында тіл билігі мәселесі тіл табиғатына тән құбылыс болатыны анық мойындалады. Ғылыми тұрғыдан келгенде, тілдің күрделі құрылысы адамға өз тумысынан берілетін қасиет екеніне көз жеткізе отырып, оның халықтық табиғатын ашуға түрен саламыз.

Қорыта айтқанда, біз бұл бөлімде тіл билігі философиясының бір қыры болып саналатын ұлттың тілдік табиғатын анықтауға жолашамыз. Нақтырақ айтқанда, тіл – ұлт қалыптастырушы объективті субстанциялық бастама-жаратылыс

бола алатынын негіздеуге бағытталған көзқарасымызға іргетас қалыптастырдық деген сенімдеміз. Сонымен бірге, лингвистика ғылымы адамдардың нақты бір тіл білуін негізге ала отырып және әрбір нақты тіл грамматикасының негізін құрайтын «Универсал грамматика» бойынша «ментал грамматика» теориясын жа-сағанына куә боламыз [1, 19 б.].

Ұлттың тілдік болмысы

Зерттеудің бұл бөлімінде, алдымен, тіл мен ұлт ұғымдарының ішкі бірлігі мен тұтастығына, нақтырақ айтқанда, ұлттың лингвотектік құбылыс, ұлтқа лингво-континуум универсум ретінде сипатына талдау жасау міндеті қойылады. Осы ретте, Ғ. Қараштың: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды» [15, 106 б.], – деген әдіснамалық кіндік ұстанымына негізделуді жөн санаймыз. Енді осы бір концептуал пікірдің ғылыми-теориялық негіздемесіне үңіліп көрелік. Осы көзқарастың ғылыми астарына нақты логикалық талдамалық тізбекті В. Гумбольдттің көзқарасынан таба аламыз. Ол: «Біздің тәжірибемізге негізделе отырып, шындығында тілдің өзіндік болмысы ұлттың мәніне ықпал етеді» [3, 377 б.], – деген философиялық ой желісін келтіреді. Осы ойды жалғай келе, ол тарих пен философия адамның ішкі рухани әлемімен байланыстыратынының бәрі осы тілдің өзінде болатынын айтады. Өйткені тіл тек өзі арқылы ғана басқаға ықпал етеді дегенді ескертеді. Ғ. Қараштың: «Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» [15, 336 б.], – дегені сондықтан болар. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, оны тілдің өзінің өзіндік мақсаты, халықтық ой мен сезім құралы ретінде қарастыру керек деп санайды және оны тілдік зерттеудің негізі тұрғысында ұсынады. Ендеше осы бір ой сарыны тілдің этносқа қарағанда үстем қызметінің болмыстық феномен болатынын дәлелдейді.

Т. Гоббс өзінің тіл философиясында: «Сөз болмаса ...мемлекет те, қоғам да ...болмас еді», – деген аксиоманы алға тарта отырып, «себебі сөздер – ақылды адамдардың құралы...» [17, 70 б.], – деген тұжырымы да жоғарыдағы ойды растап, тіл ұлт пен ұлыс, қоғам мен мемлекет үшін объективті жауһар болатынын анықтайды.

Гегельдің ұлттық мемлекет туралы ойларында, «...тек мемлекетте ғана ұлт өзін саналы түсіне алады», – дегенді айта келіп, «Мемлекет – жер бетіндегі өмір сүріп отырған құдіретті идея» [17, 70 б.], – деп атайды. Мұнда, біріншіден, ұлт және мемлекет феномендерінің ішкі кіндік тамыры сөз болса, екіншіден, мемлекет – құдіретті ортадейтін аксиомалық ой тұжырымдалып, үшіншіден, ұлт пен мемлекеттің тұтастығы тілге тоғысады және тіл де – оларды ұйыстырушы, құрастырушы құдіретті қуат дейтін идеяның жатқаны анық. Демек, тіл – ұлттың бүкіл өмірін, болмысын, тіпті тарихын ашып беретін кілт деп айтуға негіз бар. Мәселен, И. Ильин: «Тіл – халық жанының фонетикалық, ритмикалық және морфологиялық көрінісі» [18, 171 б.], – деп көрсеткені соның дәлелі.

Мәселен, Соссюр лингвистиканың ішкі элементінің қатарына этнологияны жатқыза келіп, «негізінен ұлтты тіл қалыптастырады» [4, 59 б.], – дейді. Демек, бұл тезис, тіпті мәнділік деңгейде ұлтты қалыптастыратын тетік тек тіл болатынын анық көрсетеді. Осы бір айқындамалық тезистің астарлы сырын ашып көрсеткен көзқарасын В. Гумбольдттің позициясынан аңғаруға болады. Мысалы, ол: «біз ерқашан тіл сипатынан ұлт сипатының тоғысын көре аламыз», – дей келіп, «тіпті ұлттың пайда болуы өзі тілдің бір нүктеден екінші нүктеге ауысуы» [3, 373 б.], – деген идеяны көтереді. Сол идеяны нақтылай келіп, «...Біздің тарихи ғылымымыз ұлт нақты өзінің тілінен бұрын пайда болды, немесе бақаша айтқанда, тіл тек ұлттың көмегімен ғана құрылған дегенді әлі дәлелдемеді» [3, 373 б.], – дей келіп, тілде ұлттық таңба болатынын мойындайды. М. Әуезовтің: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі» [15, 344 б.], – дейтіні, ал әл-Фарабидің пікірінше, сөз адам «жанының парасатты бөлігі» [19, 141 б.] деп саналатыны сондықтан болар. Олай болса, тіл арқылы жасалған дүниетаным, ғаламзат туралы ұғым мен түсінік – адамзат тілінің мәдени-шығармашылық өнімі. Адам сонымен бірге өзінің іс-әрекетін, танымын, өмір салтын, мінезін, ұлттық тілін, ділін, идеологиясын, мәдениет моделін айқындайды. Тіл – ұлт пен мәдениетті қалыптастырушы әрі белгілі бір тілдік ортаны қалыптастырушы феномен. М. Шоқайдың: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», – дегенінің немесе Ф.

Қараштың: «Бала анасының құрсағында-ақ, өз ұлтының тілімен ауызданады, бүтін денесі сонымен азықтанады» [15, 107-339 бб.], – дейтінінің, тіл білімін зерттеуші отандық ғалым Б. Қалиұлының: «Ұлттық код – ол тіл...» [20, 13 б.], – деген теңеуінің мәні сонда болар. Татарстан тілтанушы ғалымы, Р.Р. Данилова: «Тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге ол этнос коды ретінде танылады, яғни тіл халық мәдениетінің бөлігі» [21, 7 б.], – деген тұжырымға келеді. Демек, ұлт тілінің кіндік тамырында этникалық діл тірек концепт ретінде үнемі өзектеніп отырады, ал оны зерттеу халықтың ұлттық мәдениетінің тереңіне үңілуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі заманауи лингвист-зерттеушілердің көзқарасы да В. Гумбольдт пен Ф. Соссюрдің көзқарасымен үндес болып отырғанын аңғарамыз. Этникалық бірегейлікке қатысты көптеген ғылыми еңбектерде тіл мәселесі ашық талқыланады. Мысалы, Н.А. Ерофеевтің көзқарасында, этникалық болмыс – «өзге халықтың сөзбен жасалған портреті не бейнесі» [22, 7 б.], – болып саналса, америкалық лингвистер М. Ластиг пен Д. Кестердің пікірінше, «тіл этникалық топты бөгде адамдардың сырттай қабылдауында да, ол топтың өзін-өзі анықтауында да шешуші рөл атқарады» [23, 185 б.]. Демек, этникалық немесе этнос белгілі бір топтың ата-тегіне, мәдениетімен, әрине, тілімен байланысты әр ұлттың меншігі ретінде қарастырылатыны мойындалады [23, 185 б.].

Лондондық лингвистер Сиан Прис, Валли Литра: «Неліктен тіл әлеуметтік бірегейлікте маңызды рөл атқарады?», – дей келіп, өйткені, әлеуметтік бірегейлік жеке тұлғаның мүмкіндіктері, тәжірибесі, ұтқырлығы мен орналасқан жері бойынша басқа адамдар тобымен бірігіп әрекет етуін білдіреді» [24, 131-145 бб.], – деп жазады. Біздің пайымдауымызша, мұнда тіл этно-әлеуметтік тұтастықты құрастырушы әрі онымен бірге, ұлттық бірегейлікті де қалыптастырушы қуат-күш болатыны анық байқалады. Ресей лингвисті Тер-Минасова да осы ойды бірде: «Тіл – белгілі бір ел, ...белгілі бір тайпаның бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін пайдаланатын дыбыстық және жазбаша таңбаларының жүйесі» [25, 15 б.], – десе, енді бірде, «әрбір ұлттық тіл сол ұлттың

ұлттық мінезін бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастыруға да атсалысады. Басқаша айтқанда, тіл ұлт өкілін, яғни сол тілде сөйлеушіні қалыптастырса, онда оны тұлға ретінде де қалыптастырады» [25, 168 б.], – деп жалғастырады. Қорыта айтқанда, автор: «Этностың негізгі ерекше белгісі – тіл», – дей келіп, «тіл – этностың өзін-өзі сақтау әрі оны «өзім» және «өзгелер» деп бөлшектеу құралы» [25, 20 б.], – дегенді мойындайды.

Ұлт болмысына қатысты тілдің айқындаушы орны мен рөлі жөнінде қазіргі әлемдік саясаттанушылардың да көзқарастарын аңғаруға болады. Олар ұлтқа анықтама беруде кей ғалымдар тілді ортақ тек ретінде мойындап, оның «объективті» критерий болатынына назар аударады. Мәселен, чех ғалымы Мирослав Грох: «Ұлтқа түрлі объективтік қатынастың бір емес, бірнешеуінің (экономикалық, саяси, тілдік, мәдени, діни, географиялық, тарихи) ұштасуы арқылы біріккен әлеуметтік топ және олардың ұжымдық санадағы субъектив көрінісі деп анықтама берген дұрыс» [11, 495 б.], – дейді. Демек, бұл анықтамада да ұлттың пйда болып қалыптасуында тілдің шешуші фактор болып тұрғаны анық. Сонымен бірге, автор бұл факторлардың қатарындағы тілді ұлттың қалыптасуындағы ауыстыруға келмейтін өлшем қатарына жатқызады. Тілдің ұлт құрстырудағы бастапқы априорлық бастама, алғашқы континуум жауһар болатынын мойындайды. Олай болса бүгінгі әлемдік саясаттағы адалдық пен әділдіктің негізі, тіпті өзегі – тіл мен ұлт болатыны айдан анық. Өйткені тіл – ұлттық-бұқаралық бірегейлікті қалыптастырудың тірегі және сол тұрғыда мемлекеттік саясатты іске асыратын іс-шараларды қозғалысқа келтіреді.

Тіл мен ұлттың қатынасына байланысты ендігі бір мәселе – ол тілдің жойылуына ұлт жойылуының тәуелді болу заңдылығы. Тіл жойылса ұлт жойылады дейтін ұстаным, бүгінгі күні өткір тұрған әрі теориялық, әрі прагматикалық мәселе. Янсон Торе өзінің «Тіл тарихы: Кіріспе» атты кітабында Америкалық зерттеуші Нэнси Дорианның Шығыс Сазерлендтегі гэль тілі туралы кітабы «Тілдің өлімі» деп аталатынын атай келіп, «осы сөз тіркесі қазір өзекті сөзге айналады» [2, 172 б.], – дейді. Ол өз ойын тілдің өлімін сол тілде сөйлеушілеріне тәуелді болу заңдылығын көрсетеді. Яғни,

адамдар «...тілдің тіршілік иесі екенін де көрсетеді...», – дей келіп, «Адамдар белгілі бір тілді қолданып жүрсе, оның өмір сүріп жатқаны, ал қолданбаса, ол тілдің өлгені» [2, 172 б.], – деген тұжырым жасайды.

Б. Бейсенұлы: «Тілі жоқ ел – өлі ел. Тіл неден жойылады? Тәуелсіз бола тұрып, өзге тілде сөйлеуден. Тіл өлсе, онымен бірге ұлт та жоғалады. 1995 жылы әлемдегі касаба тілінде сөйлейтін жалғыз адам өлді. Камерун елінде орын алған бұл оқиғаны бүкіл әлемдік БАҚ жазды. Бұл – үлкен трагедия» [26, 1 б.], – дейді. Ал Янсон Торенің пікірінше: «Тілмен бірге ғасырлар бойы жинақталған білім, дағды, мәдениет жоғалуы мүмкін, бірақ бұл ол адамдардың сөйлеуді доғарғанын білдірмейді, олар тек басқа тілде сөйлей бастайды. ...Қазір тілдердің жойылып кетуі бұрынғыдан жиі кездеседі» [2, 172 б.]. Торе Янсон тілдің жойылуын тілдің ауысу заңдылығымен байланысты ойын: «...Әдетте тілдің жойылуы былай болады: адамдар ата-анасы сөйлеген тілден басқа тілге ауысады, бұрынғы тілін балаларына үйретпейді. Негізгі құбылыс – тілдің ауысуы» [2, 178 б.], – деп жалғастырады.

Осы көзқарасты жалғастыра отырып, Торе Янсон: «Тілдер дүниежүзінің барлық түкпірінде жойылууда. Жұрт сөйлеушісі аз тілде сөйлеуді тоқтатып, сөйлеушісі көбірек, қолдану аясы кеңірек тарған, ауқымы кеңдеу тілге ауысады. Оның себебі барлық жерде бірдей. Орта білім алу жүйесі қазір барлық елде дерлік жұмыс істейді, мектеп сабақ беру үшін үлкен үлкен тілдердің бірін таңдайды. Саяхат, сауда, масс-медиа үлкен тілдерге жағымды әсер етеді, ұсақ тілдерге қиындық әкеледі» [2, 175 б.], – деп жазады. Онымен бірге, ол: «...Шығыс Сазерлендтердегі ахуал көрсеткендей, ұсақ тілде сөйлеушілер жер және өзге де ресурстар тұрғысынан ауыр жағдайда болады. Олар билік басындағы адамдармен тілдесіп, мұңын шағайын десе, тіл білмейді, сондықтан ол құқықтарын қорғау үшін дәурені жүріп тұрған тілді үйренуге мәжбүр» [2, 175 б.], – дейді.

Осы бір жалпыадамзаттық тіл трагедиясы Алаш зиялыларының да назарынан тыс болмағандығына куә боламыз. Мысалы, қазақ тілі білімінің атасы, Алаш қайраткері А. Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» – дей отыра, «Сөзі

жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [15, 332-333 бб.], – деп көрсетеді. Мұнда тіл – ұлттық болмыстың негізі, арқауы дейтін идея жатыр. Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлттың рухани-мәдени өсуіндегі, саяси-әлеуметтік ұйысуындағы түп қайнардың бірегейі тіл болатындығын дәйектейді. М. Жұмабайұлы: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тіл болу», – деген ұстанымды алға тарта отырып, «тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ», – десе, Х. Досмұхамедұлы: «Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» [15, 241-338 бб.], – дейді. Міне бұл келтірілген, кейс-материалдар ұлттың жойылуы, ең алдымен, тілдің жоғалуымен өлшенетін заңдылығын көрсетеді. Осының өзі тіл билігі философиясының бір көрінісі болып есептелмек.

Сондықтан тіл – ұлт болмысының басты өлшемі болатыны мұнда анық көрсетіледі. Ұлттың ұлт болуы тілге тәуелді болатын априорий шындықты осыдан көреміз. Тағы да А. Байтұрсынұлының сөзіне жүгінсек: «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», – болатынымызды ескертеді. Өйткені, оның айтуынша, «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» [15, 333 б.].

Х ғасыр басында Алаш ардақтарының өзге тілдерден алғаш болып қазақ тіліне кітаптар аударғанын, ғылымның сан саласынан оқулықтар жазғанын білеміз. Тәржімандықтың ұлтымыздың өміріндегі тарихы терең. Көнеден бастау алған, Абай, Шәкәрім даналарымыздың биікке көтерген, Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған кемеңгерлеріміздің ұлт зиялыларының қозғалысына айналдырған аударма бағытындағы сабақтастық шынжыры бүгінгімізге жетті. Дегенмен арғыбергі тарихты түгендеу тұрғысынан алғанда да тіпті болмағанда сапалы аудармаларымызды жасап үлгермегеніміз, әлеуметтік-гуманитарлық салада мұндай еңбектердің өзі саусақпен санарлық екені ақиқат. Осы орайда жеткенімізден жетпегеніміз, шыққан асуымыздан шығар асуымыздың көп екені де дау тудырмайды. Тәржімә саласында совет кезеңінде асыл қазынамызға айналған туындылар болғанымен өмірдің өзі онымен тоқтап

қалмайтыны, аталған бағытта үнемі жұмыс істеуіміз керек екені де түсінікті жайт.

Осы ретте «Аударма саласы арзан дүниені місе тұтатын оқырман сұранысын қанағаттандырумен ғана шектелгені дұрыс па?». «Өзге жұрттың ой-дүниесі, интеллектуал қалыбымен қазақ баласы өз ана тілінде сусындамауы керек пе?» – деген сауал да ілесе жүреді. «Онысыз жаһандық ақыл өресінен өзімізге тиесілі орнымызды ойып ала аламыз ба?». «Одан бұрын төл қоғамымыздың ментал дүниесіне өзіндік өрнек сала аламыз ба?» – деген сауалдардың да алдымыздан кесе көлденең кетпей тұра беретіндігі де анық. Мұны үнемі күн тәртібінде тұратын мәселе десек, артық айтқанымыз емес. Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов «аударма мәдениеті үздіксіз өсіп келеді. Сонымен бірге, қазіргі бар аудармалардың өзінің де маңызын елемей, оны «мәртебелі ғылымның» назар аударуына арзымайтын нәрсе деп кемсітуге болмайды. Ондай пікірден қауіпті қорытынды шығып кетуі мүмкін. Аудару арқылы, тұтас алғанда, түпнұсқаның бар қасиетін беруге болмайды деу – түпнұсқаның тілін екінші тілде бейнелеуге келмейтін әлдеқандай бір құпия жазу деп бағалағандық болар еді» – деп жазыпты. Демек, аударманың қоғамның тілдік бірлігін демеуде, оның тұғырын бекемдеуде сырттан таңылған клишелерден арылып, даралығынан айырылған төл әпсаналарымыздың құрсауынан шығып, өркениет жолына бейбіт беталысымызда да беделі де берері де көп болмақ.

Тіл мен ұлттың арақатынасы туралы келелі ойлар мен көзқарастар отандық ғалымдарымыздың да еңбектерінде көтеріліп отырған. Отандық философ Д. Кішібеков: «Тілі арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Сондықтан да әрбір халық алдымен, өз тілінің тазалығын сақтауға тырысады... Тілі байдың ойы бай. Өйткені, тіл ойдың көрінісі, заттандырылған түрі... Тіл – ол тек ұлттардың қарымқатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар, өзін бейнесі, мәні, дүниетанымы, ойлау жүйесінің тереңдігі...» [27, 45-47 бб.], – десе, философ І. Әйтімбет: «Тіл – ұлттың өзін-өзі анықтайтын ең бір күшті мәдени-символдық құралы, құдіреті» [28], – деген ұстанымның тұғырын жоғары көтереді. Сонымен бірге: «Ұлттар өз табиғи,

тіршілік еткен ортасына, шаруашылық, экокүйесіне байланысты тек соларға тән ерекше мәдениет, ұғымдар, сөздер, қарым-қатынастар, символдар қалыптастырады. Олардың жоғалуы мыңдаған жылдар халықтың жинаған тәжірибесінен, салт-дәстүрінен айырылу деген сөз. Сондықтан да тіл халықтың ғасырлар бойы жинаған даналық тәжірибесінің сандығын ашатын кілт. Тіл бір буыннан келесі буынға үзілмей жүретін мәдени трансмиссияның кілті десе де болады» [28], – деп жазады.

Демек, тіл – сол тілде сөйлейтін адамдардың символы, коды. Адамның ұлттық ділі (менталитеті) оның қай тілде сөйлеп отырғандығына қарай қалыптасады. Р. Қадыржановтың пайымында, «Тіл – адамдарды, ұлттарды, мемлекеттерді бір-бірінен бөліп тұратын шекара. Біз белгілі бір әлеуметтік ортада өмір сүретін адамды ең алдымен, оның қай тілде сөйлейтіндігіне, қандай мәдениетте өмір сүріп отырғандығына орай танып біле аламыз. Ұлттық мемлекетте бір тіл үстемдік құрып, сол тілде жасалынған мәдениет өмір сүреді» [29, 74-75 бб.]. Жазушы Қ. Жұмаділов: «Маркстілдердің «тіл – қатынас құралы» дейтін қағидасының астарында харамдық бар. Тіл – қатынас құралы ғана болса, оны кез келген басқа тілмен алмастыра салу қиынға түспейді. Бірақ шындығы солай ма? Тіл – жай қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың бастан кешкен тарихы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, діл-иманы, бір сөзбен айтқанда, жаны емес пе?! Тілді алмастыру – жаныңды, иманыңды алмастырумен бірдей», – деп жазады. Бұл көзқарастар біздің зерттеуімізге қатысты ойлар мен тұжырымдардың ақиқаттылығы мен өміршеңдігін дәйектей түседі.

Отандық лингвист-ғалым М. Арын: «Тіл дегеніміз – белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қойма іспетті. ...сол жинаған байлықты ұрпақтан-ұрпаққа тіл жеткізіп беріп отырмаса, әр ұрпақ өзінің рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді» [30, 14-15 бб.], – десе, белгілі тілтанушы Ф. Оразбаева: «тіл – ...ұлт болмысы мен сапасының көрсеткіші» [16, 6 б.], – деген тұжырым жасайды. Шынында да «тіл өз мәдениетін, яғни өз идеалды құндылықтарының патшалығын құрайтын ерекше рухани қандық бірлік ретіндегі

ұлттың атауы болып саналады» [31, 412 б.], – деген ой бұлтартпайтын ақиқат болады. Олай болса, «Ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі» [32, 22 б.]. Ұлт – адамдардың ең алдымен, тілі ортақтығы негізінде қалыптасатын жаратылыс болатыны анық. Ұлт – тіл, дін, мораль және барлық көркем өнер салалары тұрғысынан ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік. Ұлт – өзіне тән тілдік мәдениеті бар әлеуметтік орта деген сөз. Демек, тіл мен ұлт – егіз ұғым, бірінсіз екіншісі өмір сүре алмайды. Д. Амантай, тіл – «ұлт пен ұлыс мәртебесіне де таразы», – деген идеяны көтере келіп, «... Түптеп келгенде, ұлттық мүдде дегеніміз – тіл мүддесі. Тіл жағдайы мен қолданысына қарап, халықтың орнын білеміз» [33, 18 б.], – дейді. Олай болса, ұлттың, ұлт мемлекетінің баянды болуы үшін тілдің айқындаушы рөлінің жоғары болатынын бүкіл адамзат тәжірибесі дәлелдеп келе жатыр. Мысалы, Мұхаммед Айдар Дулат: «...тілі мен діні бір болмаған елдің ділі де түрленіп, алауыздыққа жол ашатыны анық» [34, 321 б.], – деген тұжырым жасаған өз дәуірінде.

Белгілі тілтанушы ғалым Д. Ысқақұлы: «Әр ұлттың ойлау жүйесі әртүрлі; өзгеше. Сондықтан да жас баланың ойлау жүйесі оның ана тілі негізінде қалыптасқаны аса маңызды. Ана тіліндегі ойлау жүйесі ғасырлар бойы жетіліп, сол ұлттың өзіндік қасиеттерін, рухани қазыналарын сараптап, түпсанаға жинақтап, тұқымқуалаушылық арқылы ұрпақтан ұрпаққа ұластыратын аса маңызды міндеттерді атқарып, ұлтты ұлт қылып сақтайды», – деп тілдің ұлт сақтаушы этосы ретінде ескерте, енді бірде: «Ал жас баланың тілі басқаша шықса, тілімен бірге оның ойлау жүйесі де өзгереді; нәтижесінде баланың геніндегі түпсанадағы ата-бабаларының, ұлтының өмірге деген көзқарасынан бастап, бүкіл дүниетанымына дейінгі тұқымқуалаушылық қасиеттерімен байланыс үзіліп, басқа жолмен кететін болады; сөйлейтін басқа ұлт тілінің ойлау жүйесі қалыптасып, мүлдем бөлек «әлемге» көшеді. Демек, адам қай тілде сөйлесе, сол тілде ойланып, сол тілде түс көреді; өмірді сол ұлттың түсінігімен таниды; соған қызмет етеді. Бұдан түйетініміз, сөйлеу, ойлау тілі адамның ұлттық болмысын сақтап тұратын қасиетті қорған», – деген жа-

сап, «бұл қорғаннан қалай шықтың екен, сенің басқа ұлттың қорғанына қалай кіріп кеткенінді өзің де білмей қаласың; ұлтың сатқын атанып, шіріген жұмыртқаға айналасың» [35, 20 б.], – деп жазады.

Осыны ескерте келе, Д. Ысқақұлы: «Азаттық үшін шайқаста ұлтшыл арабтарға отарлаушы ел тіліндегі арабтар қарсы соғысқан. Біздің елде де биліктің зор қателігінен 30 жылда дәл осындай жағдай қалыптасып тұр. 1954–62 жылдары ұлтшыл арабтар Алжирдің тәуелсіздігі үшін соғыс бастайды ғой. Осы азаттық айқасында французтілді араптар отаршы армияға жақтасып кетеді. Жақтасып қана қоймай, тәуелсіздік үшін күресіп жүрген арабтың ұлтшыл жасақтарын аяусыз талқандаумен айналысқан да, негізінен осы французтілді арабтар еді [35, 20–21 бб.], – дейді ғалым. Н.Бекбау: «Кейін әлеуметтанушы ғалымдар, осы феноменді зерттейді. Мұсылман бола тұра, араб бола тұра харкалар қалайша өз бауырларымен, өз халқымен соғысты, – деп. Сөйтсе, тілі француз арабтар бөгде ұлтқа айналып үлгерген екен. Менталитет тұрғысынан да, басқа тұрғыдан да өздерін жергілікті арабтардан жоғары санайтын, «амалсыз арабтар» еді, бұлар» [36], – деген тұжырым жасайды.

Д. Ысқақұлы: «Әріппен таңбаланатын дыбыстар сол адамдар тұратын табиғи ортаның ырғағымен тікелей байланысты болады. Ол орта дала, немесе таулы, орманды, не болмаса, суық, не жылы аймақ болуы, адамдардың қалада, не ауылда тұруы мүмкін. Түрлі ортаның өмір ағыны да – түрліше. Әр түрлі дауыс ырғағымен сөйлейтін ұлт тілдері сол халықтардың өмір сүру ортасының ыңғайымен ғасырлар бойы қалыптасқан. Әр адамның биологиялық ырғағы сол өзі өскен ұлтының, ортасының ұзақ уақыттар бойы жетіліп, ұлттық ерекшелігі болып қалыптасқан ырғағына сәйкес келеді» [35, 21 б.], – деп келтіреді. Өйткені, тіл – негізінен тек өз заңына, ішкі тәртібіне ғана бағынатын жүйе. Демек, тіл ортақтығы мен тұтастығы ұлт бірлігі мен тұтастығын анықтайтыны шындық.

Д. Ысқақұлы: «Жалпы, адамзат баласының тыныс алу, дыбыс шығару органдары сырттай қарағанда, бірдей сияқты көрінгенімен де байқап қарағанға әр ұлттың өзіндік бет-әлпеттері байқалмай қалмайды. Моңғол тектестер домалақ

бет, еуропалықтардың көбіне атжақты, кәрістердің қысық көзді келетініндей. Қазақтардың қазіргі физиономиялық бітімі, бет әлпеті ғасырлар бойы сөйлеп келген осы ұлттық тіліне байланысты болса керек», – десе, енді бірде: «Бұл физиономиялық өзгешеліктер тек сол ұлтқа ғана тән дыбыстарға қатысты. Мысалы, ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң, һ секілді дыбыстар тек қазақ тіліне ғана тән болғандықтан да оның ұлттық сыпатын белгілейді. Сондықтан бұл дыбыстар басқа ұлт өкілдерінің айтуына едәуір қиындықтар туғызады. Осы сияқты басқа тілді үйренген кезде сол тілге ғана тән дыбыстарды айту барысында қиналып қалатындығымыз да бар. Орыс тілінің е, в, э, щ, ч, ц, ф, ь, я, ю сияқты дыбыстары бар сөздерін айтқанда, алғашында тілі бұралмаған қазақ жоқ шығар, сірә» [35, 21 б.], – деп жазады.

Демек, әріптің де ұлттық сыпаты бар екен. Осы ретте Д. Ысқақұлы: «Әріп дегеніміз, тіл де емес, білім де емес, салт-дәстүр де емес, бар болғаны белгілі бір ұлттың дыбыстық белгісі ғана екеніне мән беруіміз керек. Бұл орайда төл әрпін тұтынып отырған қытай, жапон, араб елдері, грузин, армян сияқты елдердің ешкімнен сорлы емес екеніне, керісінше сол елдерде ғана ұлттық төлтума мәдениет пен ана тілінің мөлдір таза күйінде сақтала шыңдалып отырғанына мән беруіміз керек. Түбі бізді әрісі америкалық, берісі еуропалық рухани экспансиядан қорғайтын бір тетік болса, ол ең алдымен, руника сияқты төл әрпіміз болу керек [35, 22 б.], – дейді ғалым. А. Сейдімбекті тыңдасақ, «... Төл графика дегеніміз, ұлттың ең жарқын мәдени айғағы ғана емес, сонымен бірге, сол ұлты ешқашан ассимиляцияға түсіртпейтін, тілін ұмыттыртпайтын ұлы қорғаны, қамқор анасындай рухани панасы болып табылады» [37, 321 б.], – деген әдіснамалық ұстанымды меңзейді.

Қорытынды

Адамзат тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шындығында да тілдің өзіндік ішкі табиғаты, өзіндік болмыстық мәні ұлт мәнін анықтап, оған тікелей ықпал жасайтынына көз жеткізе аламыз. Оған негіз болатын факторларға сараптама жасай келе, оның бастауында тілдің тектамырындағы, оның қосмәнділік та-биғатын анықтауға

мүмкіндік алдық. Тіл билігі мәселесі тіл табиғатына тән құбылыс болатыны анық мойындалады. Ғылыми тұрғыдан келгенде, тілдің күрделі құрылысы адамға өз тумысынан берілетін қасиет екеніне көз жеткізе отырып, оның халықтық табиғатын ашуға мүмкіндік жасалды.

Тіл зерттеушілерінің әлемдік ғылыми зерттеулеріне «ұлт» концепті тұрғыдан талдау жасау ұлт деген феноменнің тіл құбылысы аясында қалыптасып, өніп-өскенін, дамығанын бұлтармапайтын ақиқат ретінде дәйекті дәлелдермен көрсетеді. Тілді қарым-қатынас құралы емес, өзіне өзі мақсат ретінде, халық пен ұлт, ұлыс сезімдерінің құралы ретінде қарастыру барлық тілдік зерттеулердің шынайы негізі болатынына көз жеткізуге болады. Тілді мұндай тұғырда зерттеу, оны шын мәніндегі табиғи объектіге теңестіреді.

Тіл – ұлт қалыптастырушы объективті жауһари бастама-жаратылыс бола алатынын негіздеуге бағытталған көзқарасымызға іргетас қалыптастырдық деген сенімдеміз. Сонымен бірге, лингвистика ғылымы адамдардың нақты бір тіл білуін негізге ала отырып және әрбір нақты тіл грамматикасының негізін құрайтын «Универсал грамматика» бойынша «ментал грамматика» теориясын жасағанына куә боламыз.

Тіл мен ұлт тоғысын зерттеуші ғалымдар мен жазушылардың пікір-леріне талдау жасау барысында қорғауға, сақтап қалуға, ең алдымен, тіл мұқтаж болатыны туралы таным болғаны анық-талды. Өйткені, тіл бүкіл ұлттық мәдениет-тің кіндігі және тіл барлық басқа ұлттық руханияттың көріну аясы болатыны дәйектеліп, анық тұжырымдалып мойындалады. Сондықтан зерттеушілер, бір ауыздан тілдің жоғалуын – ұлттың өлімімен теңестіруі анықталып, дәлелденеді. Тіл ұлттың қалыптасуында, дамуында конструктивтіден гөрі функционалдық, әрі құрылымдық, әрі ұйыстырушы қызмет атқарады деп сеніммен айтуға негіз қалыптасты.

Тіл – өзінің болмыс-эпицентрінде бүкіл адамзатының ұлты мен ұлысының өзін, олардың өмір салтын, міне-құлқын, өзара қарым-қатынасын, барлық ұлттық мәдениет пен құндылықтар әлемін қамтитын жүйе. Тіл – бүкіл адамзаттың ұлты мен ұлыстарының ішкі жан дүниесі тоғысқан сиқырлы айна. Тіл мүддесі – ұлт

мүддесі, тілдің дамуы – ұлттың даму кепілі деген тұжырымға келеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Pinker S. The language instinct. The New Science of Language and Mind. – London, 1994. – 386 p.
- 2 Tore J. The History of Language: An Introduction. – Oxford/New York, 2012. – 280 p.
- 3 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – 633 с.
- 4 Соссюр Ф. де. Труды по языкознанию. – М., 1977. – 696 с.
- 5 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы: 10 томдық. Т.8: Постмодернизм және мәдениет. – Алматы, Жазушы, 2006 – 430 б.
- 6 Глобалистика: Международный, междисциплинарный, энциклопедический словарь. – М. – СПб. – Нью-Йорк: Элима, Питер, 2006. – 1160 с.
- 7 Борзых С.В. Понятие глобализации: новое прочтение // *Век глобализации*. – 2011. – №2. – С. 18-31.
- 8 Қазақстан: ұлттық энциклопедия. 3-том. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
- 9 Абуов А.А. Национальная культура и глобализация // *Қазақ өркениеті*. – 2010. – №4.
- 10 Әлімұлы А. Ұлт боламын десең, «руыңмен у ішпе, қазақ!» немесе ұлттық идея туралы ой // [Электронды ресурсы] URL: <https://abai.kz/post/6535> (Қаралған күні: 15.01.2023)
- 11 Baylis J, Smith S, Owens P. The globalization of world politics. An Introduction to International Relations. – London, Oxford University Press, 2011, – 648 p.
- 12 Комаров А.П. Лекции по курсу «Актуальные проблемы общего языкознания». – Алматы, 1995. – 82 с.
- 13 Fromkin V., Rodman R., Hyams N. An introduction to language. 10th edition. – Boston, MA., Wadsworth, Cengage Learning, 2014. – 608 p.
- 14 Kenny A. A New History of Western Philosophy: Volume 4. Philosophy in the Modern World. – London, Oxford University Press, 2005. – 397 p.
- 15 «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы, «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. – 364 б.
- 16 Оразбаева Ф. Сөз – ұлттың мәңгілік тұмары // *Ана тілі*. – 2017. – 8–14 маусым. – 6-7 бб.
- 17 Kenny A. A New History of Western Philosophy: Volume 3. The Rise of Modern Philosophy. – London, Oxford University Press, 2005. – 356 p.
- 18 Ильин И. Сущность и своеобразие русской культуры. – М., 2007. – 472 с.
- 19 Әбу Насыр әл-Фараби. Бақыт жолын сілтеу // Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. Т.4: Элементтік философия. Этика. Эстетика. – Астана, «Логос – Астана» ЖШС, 2007. – 296 б.
- 20 Қалиұлы Б. Қазақ тілі білімінің мәселелері (Мақалалар жинағы). – Алматы, Абылай хан атындағы ҚазХЖӘТУ, «Полилингва» баспасы, 2018. – 206 б.
- 21 Данилова Р.Р. Концепт «йөрәк» («Сердце») в татарской языковой картине мира. Автореф. дис. на соискание ученой степени канд. филолог. наук. – Казань, 2009. – 25 с.

22 Ерофеев Н.А. Туманный Альбион. Англия и англчане глазами русских. 1825-1853 годы. – М.: Ломоносовъ, 2022 – 216 с.

23 Myron W., Lustiq Jolene Koester. Intercultural Competence. Intercultural Communication across Cultures. – Boston, Pearson, 2013, – 400 p.

24 Sian Preece. The Routledge Handbook of Language and Identity. – London, Routledge, 2016. – 644 p.

25 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениет-аралық коммуникация. – Алматы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 320 б.

26 Бейсенұлы Б. Мемлекеттік тілді білмей-тін қызметкерлерді ауылға жіберу керек // *Ана тілі*. – 2021. – 17 қараша.

27 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы, Ғылым, 1999. – 130 б.

28 Әйтiмбет I. Санамыз қай тiлде сөйлейдi? // *Жас Алаш*. – 2017. – 15 тамыз.

29 Қадыржанов Р. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана. – Алматы, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 168 с.

30 Арын М. Бес анық: (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы, Арыс, 1996. – 116 б.

31 Федотов Г.П. Ұлттық және жаһандық // Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық: Т.12: Орыс философиясы. – Алматы, 2006. – 561 б.

32 Қазақстан: ұлттық энциклопедия. 9-том – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 688 б.

33 Амантай Д. Философия оқытушысы (Әлмира Наурызбаева туралы жазбалар) // *Қазақ әдебиеті*. – 2023. – 10 ақпан.

34 Мұхаммед Хайдар Дулат. Тарих-и Рашиди. 2 кітап. – Алматы, 2020. – 1-кітап. – 367 б.

35 Ысқақұлы Д. Сөз – адам // *Үркер*. – 2022. – №4. – 20-24 бб.

36 Бекбау Н. Азаттық үшін шайқаста ұлтшыл арабтарға отарлаушы ел тіліндегі арабтар қарсы соғысқан // [Электронды ресурс] URL: <http://qazaquni.kz/.../160122-alzir-azattygy-usin...> (Қаралған күні: 15.01.2023)

37 Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық, Т. 2: Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Астана, «Фолиант», 2010. – 816 б.

Transliteration

1 Pinker S. The language instinct. The New Science of Language and Mind. – London, 1994. – 386 p.

2 Tore J. The History of Language: An Introduction. – Oxford/New York, 2012. – 280 p.

3 Gumbol'dt V. Izbrannye trudy po jazykoznaniju [Selected works on linguistics]. – M., 1984. – 633 s. (in Russ)

4 Sossjur F. de. Trudy po jazykoznaniju [Works on linguistics]. – M., 1977. – 696 s. (in Russ)

5 Alemdik madeniеттанu oj-sanasy [Thought of world cultural studies]. 10 томдық. Т.8: Postmodernizm zhane madeniet. – Алматы, Zhazushy, 2006 – 430 б. (in Kaz)

6 Globalistika: Mezhdunarodnyj, mezhdisciplinarnyj, jenciklopedicheskij slovar' [Globalistics: International, interdisciplinary, encyclopedic dictionary]. – M. – SPb. – N'ju-Jork: Jelima, Piter, 2006. –

1160 s. (in Russ)

7 Borzyh S.V. Ponjatje globalizacii: novoe prochtenie [The concept of globalization: a new reading] // *Vek globalizacii*. – 2011. – №2. – S. 18-31. (in Russ)

8 Qazaqstan: ulttyq jenciklopedija [Kazakhstan: national encyclopedial]. 3-tom. – Almaty, Қазақ jenciklopedijasy, 2001. – 720 б. (in Kaz)

9 Abuov A.A. Nacional'naja kul'tura i globalizacija [National culture and globalization] // *Qazaq orkenieti*. – 2010. – №4. (in Russ)

10 Alimuly A. Ult bolamyn desen, «ruynmen u ishpe, qazaq!» nemesе ulttyq ideja туралы oj [If you want to become a nation, "Don't drink poison with your tribe, Kazakh!" or the idea of a national idea] // [Jelektrondy resursy] URL: <https://abai.kz/post/6535> (Qaralğan kuni: 15.01.2023) (in Kaz)

11 Baylis J., Smith S., Owens P. The globalization of world politics. An Introduction to International Relations. – London, Oxford University Press, 2011, – 648 p.

12 Komarov A.P. Lekcii po kursu «Aktual'nye problemy obshhego jazykoznanija» [Lectures on the course "Current problems of general linguistics"]. – Almaty, 1995. – 82 s. (in Russ)

13 Fromkin V., Rodman R., Hyams N. An introduction to language. 10th edition. – Boston, MA., Wadsworth, Cengage Learning, 2014. – 608 p.

14 Kenny A. A New History of Western Philosophy: Volume 4. Philosophy in the Modern World. – London, Oxford University Press, 2005. – 397 p.

15 «Alashtyn» tildik murasy: Maqalalar zhinagy [Linguistic heritage of «Alash»: Collection of articles]. – Almaty, «KIE» lingvoeltanu innovacijalyq ortalygy», 2009. – 364 б. (in Kaz)

16 Orazbaeva G. Soz – ulttyn mangilik tumary [The word is the eternal talisman of the nation] // *Ana tili*. – 2017. – 8–14 mausym. – 6-7 bb. (in Kaz)

17 Kenny A. A New History of Western Philosophy: Volume 3. The Rise of Modern Philosophy. – London, Oxford University Press, 2005. – 356 p.

18 Il'in I. Sushhnost' i svoeobrazie russkoj kul'tury [The essence and uniqueness of Russian culture]. – M., 2007. – 472 s. (in Kaz)

19 Abu Nasyr al-Farabi. Baqyt zholyн silteu [Showing the way to happiness] // Abu Nasyr al-Farabi. 10 томдық shygarmalar zhinagy. Т.4: Aleumettik filosofija. Jetika. Jestetika. – Astana, «Logos – Astana» ZhShS, 2007. – 296 б. (in Kaz)

20 Qaliuly B. Qazaq tili bilimnin maseleleri (Maqalalar zhinagy) [Problems of Kazakh language education (Collection of articles)]. – Almaty, Abylaj han atyndagy QazHQzhATU, «Polilingva» baspasy, 2018. – 206 б. (in Kaz)

21 Danilova R.R. Konzept «jurek» («Serdce») v tatarskoj jazykovoј kartine mira [The concept "heart" ("Heart") in the Tatar language picture of the world]. Avtoref. dis. na soiskanie uchenoj stepeni kand. filolog. nauk. – Kazan', 2009. – 25 s. (in Russ)

22 Erofeev N.A. Tumannyj Al'bion. Anglija i anglichane glazami russkih [Foggy Albion. England and English through Russian eyes]. 1825-1853 gody. – M.: Lomonosov#, 2022 – 216 s. (in Russ)

23 Myron W., Lustiq Jolene Koester. Intercultural Competence. Intercultural Communication across Cultures. – Boston, Pearson, 2013, – 400 p.

24 Sian Preece. The Routledge Handbook of Language and Identity. – London, Routledge, 2016. – 644 p.

25 Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietaralyq kommunikacija [Language and intercultural communication]. – Almaty, «Ulattyq audarma bjurosy» qogamdyq qory, 2018. – 320 b. (in Kaz)

26 Bejsenuly B. Memlekettik tildi bilmejtin qyzmetkerlerdi auyлга zhiberu kerek [Employees who do not know the state language should be sent to the village] // *Ana tili*. – 2021. – 17 qarasha. (in Kaz)

27 Kishibekov D. Qazaq mentaliteti: keshe, bugin, erten [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow]. – Almaty, Qylym, 1999. – 130 b. (in Kaz)

28 Ajtimbet I. Sanamyz qaj tilde sojlejdi? [What language does our mind speak?] // *Zhas Alash*. – 2017. – 15 tamyz. (in Kaz)

29 Kadyrzhanov R. Jetnokul'turnyj simvolizm i nacional'naja identichnost' Kazahstana [Ethnocultural symbolism and national identity of Kazakhstan]. – Almaty, Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2014. – 168 s. (in Russ)

30 Aryn, M. Bes anyq: (tarbie turaly tolgamdar) [Five clear: (concerns about education)]. – Almaty, Arys, 1996. – 116 b. (in Kaz)

31 Fedotov G.P. Ulattyq zhane zhahandyq [National

and global] // *Alemdik filosofijalyq mura*. 20 tomdyq: T.12: Orys filosofijasy. – Almaty, 2006. – 561 b. (in Kaz)

32 Qazaqstan: ulttyq jenciklopedija [Kazakhstan: national encyclopedia]. 9-tom – Almaty, Qazaq jenciklopedijasy, 2007. – 688 b. (in Kaz)

33 Amantaj D. Filosofija oqytushysy (Almira Nauryzbaeva turaly zhazbalar) [Philosophy teacher (notes about Almira Nauryzbaeva)] // *Qazaq adebiyeti*. – 2023. – 10 aqpan. (in Kaz)

34 Muhammed Khajdar Dulat. Tarih-i Rashidi. 2 kitap. – Almaty, 2020. – 1-kitap. – 367 b. (in Kaz)

35 Ysqaquly D. Soz – adam [The word is a person] // *Urker*. – 2022. – №9. – 20-24 bb. (in Kaz)

36 Bekbau N. Azattyq ushin shajqasta ultshyl arabtarga otarlaushy el tilindegi arabtar qarsy sogysqan [In the battle for freedom, the Arabs in the colonizer's language fought against the nationalist Arabs] // [Jelektrondy resurs] URL: <http://qazaquni.kz/.../160122-alzir-azattygy-usin...> (Qaralqan kuni: 15.01.2023) (in Kaz)

37 Sejdimbek A. Shyrgarmalary [Works]. Alty tomdyq. T. 2: Qazaq alemi. Jetnomadeni pajymdau. – Astana, «Foliant», 2010. – 816 b. (in Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Дәулетбек Сәдуақасұлы Раев

профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7630-5167>

Әсет Абайұлы Құранбек

философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Айгүлім Боранғалиқызы Айтбаева

профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Narxoz» университеті, email: aba-abd@mail.ru, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

Пірімбек Мұханбетұлы Сүлейменов

доцент, саяси ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0003-1270-9167>

Даулетбек Садвакасович Раев

профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7630-5167>

Әсет Абайұлы Құранбек

заведующий кафедрой философии, кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Айгүлім Боранғалиевна Айтбаева

профессор, кандидат педагогических наук, Университет «Narxoz», email: aba-abd@mail.ru, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

Пірімбек Муханбетович Сулейменов

доцент, кандидат политических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0003-1270-9167>

Dauletbek Rayev

Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7630-5167>

Asset Kuranbek

Head of the Department of Philosophy, Candidate of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: akuranbek@gmail.com, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0002-3801-0752>

Aygulim Aitbayeva

Professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan, email: aba-abd@mail.ru, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0001-7024-6602>

Pirimbek Suleimenov

Associate Professor, Candidate of Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, ORCID ID: <http://orcid.org/0000-0003-1270-9167>